

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 93
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылы 16
қыркүйекте № 36839 болып
тіркелді

Министерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Медициналық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № ҚР ДСМ-59/2020
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Медициналық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № ҚР ДСМ-59/2020
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде №
20809 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Медициналық қызметке лицензия беру»
мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларында:

10-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының 51-бабына сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыруға өтінім берілген
өндірістік базада рұқсат беру бақылауын (лицензия берілгенге дейін) жүргізеді;»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«14. Рұқсат беру бақылауы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен медициналық қызметті жүзеге асыруға өтініш берушінің бақылау объектісіне шығыуымен жүзеге асырылады.

Бақылау объектісіне барудың уақыты мен күні туралы көрсетілетін қымметті алушыға ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабарлама жіберу арқылы не хабарламаны немесе шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, бару басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарланады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Медициналық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 93

бұйрығына қосымша

«Медициналық қызметке
лицензия беру» мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
1-қосымша

**«Медициналық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	«www.egov.kz», «www.elicense.kz» «электрондық үкімет» веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 13 (он үш) жұмыс күні; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні; қағаз нысанда берілген лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.
4	Қызмет көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	медициналық қызметке лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу, медициналық қызметке лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері	Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі, мынадай лицензиялық алым алынады: 1) лицензияны беру үшін – 10 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - лицензияны беру кезіндегі ставканың 10 %-ы, бірақ 4 АЕК-дан аспайды; 3) лицензияның телнұсқасын беру үшін - лицензияны беру кезіндегі ставканың 100 %-ы.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар және мәліметтер тізбесі: 1) лицензияны және лицензияға қосымшаны алу үшін: осы қағиданың 2-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін), 3-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) сәйкес нысан бойынша өтініш;

	<p>талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>осы Тізбенің 1-қосымшаға сәйкес медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттардың бар/жоғын растайтын мәліметтер нысаны;</p> <p>жоғары немесе орта медициналық білім туралы диплом (2015 жылға дейін оқуды бітірген көрсетілетін қызметті алушылар үшін);</p> <p>«Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына сәйкес қайта даярлаудан өткені туралы куәлік оқу нәтижелерін тану, қосымша және бейресми білім беру арқылы алған (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген);</p> <p>Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес мәлімделген қызметтің кіші түрлеріне сәйкес қызметкердің еңбек қызметін (ЭҮШ-да қызметкерлердің бейіндері және еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болған жағдайда);</p> <p>меншік құқығын немесе жалға алу шартын немесе жылжымайтын мүлікті (несиені) өтеусіз пайдалану немесе мүлікті сенімгерлік басқару шартын немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын (ЭҮШ-да мәліметтер болған жағдайда) куәландыратын растайтын құжат;</p> <p>2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде;</p> <p>осы Тізбенің 2-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін) және 3-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын қағаз жеткізгіште берілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады.</p> <p>3) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін;</p> <p>осы Тізбенің 4-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін) және 5-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) сәйкес нысан бойынша өтініш.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;</p> <p>2) лицензиялық алым енгізілмеген;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді;</p> <p>4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға сондай-ақ рұқсаттық бақылау нәтижелері бойынша теріс қорытынды алды;</p> <p>5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салады;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталды;</p> <p>7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған;</p> <p>8) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p>
10	<p>Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда қызметті көрсету ерекшеліктері</p>	<p>1. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p>

<p>ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің интернет-ресурсында көрсетілген kmfk@dsm.gov.kz.</p> <p>4. Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, Зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.</p> <p>5. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері-1414, 8-800- 080-7777.</p>
---	---